

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
80 жылдығы және «Психология» бөлімі ашылуының
25 жылдығына арналған
**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ:
ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ»**
тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
**«ПСИХОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ:
ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ»**,
посвященной 80-летию Казахского национального
университета аль-Фараби и 25-летию открытия отделения
психологии

MATERIALS

International Research and Practical Conference
**“PSYCHOLOGY IN KAZAKHSTAN:
PAST, NOWADAYS AND FUTURE”**
Dedicated to 25th Anniversary of Foundatlon of “Psychology”
Department and to 80th Anniversary of Al-Farabi Kazakh
National University

2 том

Алматы
21 желтоқсан 2013ж.

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
«ПСИХОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ»

Наурзалина Д.Г., Мулдашева Н.С. ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ И СОЦИАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА	86
Нурсейтова С.Г. ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ У ДОШКОЛЬНИКОВ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ГОТОВНОСТИ К ШКОЛЕ В ГРУППЕ, РАБОТАЮЩЕЙ ПО ТЕХНОЛОГИИ «СТЕР ВУ СТЕР»	94
Ордагулова Д.И. МАМАНДЫҚ ТАҢДАУҒА ӘЛЕУМЕТТІК - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ	103
Ордагулов И.Б. ЖАСӨСПІМДЕР ҮЙІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	108
Өскенбай Ф.С., Джакупов С.М., Мэн Чеунг Чунг, Төлегенова А.А. ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ ОБЗОР ПРОБЛЕМЫ ПОСТТРАВМАТИЧЕСКОГО СТРЕССА В ЗАРУБЕЖНЫХ ИССЛЕДОВАНИЯХ	116
Ромашева Ж.Ж., Нурadiniв А.С. СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ЛИЧНОСТИ ЧЛЕНОВ ДЕСТРУКТИВНЫХ РЕЛИГИОЗНЫХ ГРУПП	122
Сагнаев Т.Ж., Аймаганбетова О.Х. ОСНОВНЫЕ ДЕТЕРМИНАЦИИ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ МЕХАНИЗМОВ, ОПРЕДЕЛЯЮЩИХ РАЗВИТИЕ ГОТОВНОСТИ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩЕГО ПСИХОЛОГА	133
Садыкова А.Т., Ким А.М., Файзуллина А.К. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ КАЗАХСКИХ НАРОДНЫХ СКАЗОК	140
Сайпова А.А., Сатыбалдина Н.К. СООТНОШЕНИЕ ПОНЯТИЙ ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ, ПСИХИЧЕСКИЕ И ЭМОЦИОНАЛЬНЫЕ СОСТОЯНИЯ В ПСИХОЛОГИИ	145
Сарбасова В.Н. КОММУНИКАТИВНАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА	151
Сатыбалдина Н.К. ДАУНШИФТИНГ КАК СОЦИАЛЬНЫЙ ФЕНОМЕН	158
Сланбекова Г.К., Man C. Chung, Төлегенова А.А., Джакупов С.М. ВЗАИМОСВЯЗЬ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ТРАВМЫ И РАЗВОДА	164
Сланбекова Г.К., Man C. Chung, Төлегенова А.А., Джакупов С.М. ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ СОВЛАДАЮЩЕГО ПОВЕДЕНИЯ И ПОСТТРАВМАТИЧЕСКОГО РАССТРОЙСТВА В СИТУАЦИИ РАЗВОДА	173
Сматова К.Б., Макашкулова Г.Б., Исакова Л.Қ. ТҰЛҒАНЫҢ АҚМЕОЛОГИЯЛЫҚ ЫЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ	179
Сматова К.Б., Далиева Г.О. ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ ТҰЛҒА ПСИХОЛОГИЯСЫНА КЕРІ ӘСЕРІ	183
Стыбаева А.Ш., Сабралиева Ж.Т., Саттыбаева А.Ж. АҚМЕОЛОГИЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНТНОСТЬ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА	188
Ташимова Ф.С., Ибрагимова К. ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПРОВЕДЕНИЯ ПОСМЕРТНОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ ЛИЧНОСТИ	193

Ташимова Ф.С., Бурдина Е.И., Кожикова А., Ризулла А.Р. СТИЛИ СОВЛАДАЮЩЕГО ПОВЕДЕНИЯ СТУДЕНТОВ	198
Туреханова А.Т., Садыкова Н.М. ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТІНЕ ҚАРЫМ – ҚАТЫНАСТЫҢ ӘСЕРІ	204
Турсунгожинова Г.С., Кулмышева Н.А., Султанова Н.К. К ПРОБЛЕМЕ КЛИНИКО - ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ОЦЕНКИ ЛИЦ, ПОДВЕРГШИХСЯ ДЕЙСТВИЮ ИОНИЗИРУЮЩЕГО ИЗЛУЧЕНИЯ	210
Файзулина Ф.Р., Рахимбаева К. ПСИХОЛОГИЧЕСКАЯ ДИАГНОСТИКА МОТИВАЦИОННОЙ СФЕРЫ РАБОТНИКОВ И РУКОВОДИТЕЛЕЙ МАЛОГО И КРУПНОГО БИЗНЕСА	216
Tsyganenko Maiya V. THE EFFECT OF A LEADERSHIP DEVELOPMENT PROGRAM ON BEHAVIORAL AND FINANCIAL OUTCOMES: KAZAKHSTANI EXPERIENCE	222
Черняева С.А., Ким А.М. ПОНИМАНИЕ И ПСИХОКОНСУЛЬТИРОВАНИЕ	229

4 СЕКЦИЯ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ ПСИХОЛОГИЯСЫ: ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

СЕКЦИЯ 4. КАЗАХСТАНСКАЯ ПСИХОЛОГИЯ ОБРАЗОВАНИЯ: ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ

Абишева Ш.Ш., Адильжанова К.С. ОСОБЕННОСТИ САМОРАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ В СТУДЕНЧЕСКОМ ВОЗРАСТЕ	236
Алғабек М., Булатбаева А.А. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ҮЛГЕРІМІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ	241
Арынбаева Ж.М., Қалымбегова Э.К. ЖОО-ДАҒЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ	247
Аугалипова Е.Н., Ахтаева Н.С. БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ СФЕРАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	252
Ашимбаева Б. МЕКТЕПТЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІ БАСҚАРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ	256
Әлқожаева Н.С., Есенова К.А. СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ОРТАСЫНА БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕСІ	260
Бекбаева Ж.С. АДАПТАЦИЯ СТУДЕНТОВ К УСЛОВИЯМ КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ ВУЗа В КОНТЕКСТЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ	264
Беленко О.Г., Рахимжанова Н.А. К ВОПРОСУ О ФОРМИРОВАНИИ ИМИДЖА СОВРЕМЕННОГО ПЕДАГОГА КАК ОДНОГО ИЗ УСЛОВИЙ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА	270
Бураханова А.Т. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА-СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨСІБИ ІСКЕРЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	276
Джумажанова Г.К., Аманова А.К. САБАҚТА ТРЕНИНГ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	281

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
«ПСИХОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ»

Осылайша, мектептегі оқу үлгерімінің төмендігі мәселесінің теориялық аспектілерін, себептері мен оларды жоюдың жолдарын қарастыра келіп мынадай қорытынды шығаруға болады:

1. Үлгермеушілік – оқушылардың дайындықтарының мектептегі білімдерді меңгеруге, дағдылар мен іскерліктерді дамытуға, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыруға және танымдық қатынастағы тәрбиелілікке қойылатын міндетті талаптарға сәйкес келмеуі.

2. Оқу үлгерімі төмен оқушылар жалпы және арнайы пәндерде оқылықтарға ие, олар зерделеніп отырған ұғымдардың, теориялар мен заңдылықтардың мәндік маңызын сипаттауға мүмкіндік бермейді және практикалық әрекеттерді орындауға кедергі болады. Оқу-танымдық іс-әрекеттегі қиындықтар жұмыс темпін төмендететініні соншалық, оқушылар берілген уақыт ішінде білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеруге қабілетсіз болады. Оқу үлгерімі төмен оқушыда тұлғалық қасиеттердің дамуы мен тәрбиелені деңгейі жеткіліксіз болады және ол оқушының табысты білім алуға қажетті дербестік, табандылық, ұйымдасқандық және тағы да басқа қасиеттерді көрсетуіне кедергі келтіреді.

3. Үлгермеушілікті жою оқушыларды зерттеудің негізінде, олардың іс-әрекеттерін талдаудың және үлгермеуші оқушылардың типологиясын зерттеудің негізінде жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

2. Гельмонт, А.М. О причинах неуспеваемости и путях ее преодоления [Текст] / А.М. Гельмонт. - М.: Просвещение, 2004. – 326 с.
3. Цетлин, В.С. Неуспеваемость школьников и ее предупреждение [Текст] / В.С. Цетлин. - М.: Педагогика, 1977. – 243 с.
4. Бударный, А.А. Пути и методы предупреждения и преодоления неуспеваемости и второгодничества. Автореферат. Канд. Дис. [Текст] / А.А. Бударный. - М.: Просвещение, 2005. - 521 с.
5. Блонский, П.П. Школьная успеваемость [Текст] / П.П. Блонский. - М.: Просвещение, 2001. - 423 с.
6. Славина, С.С. Индивидуальный подход к неуспевающим и недисциплинированным школьникам [Текст] / С.С. Славина. - М.: Просвещение, 1986. - 217 с.
7. Калмыкова, Э.И. Проблемы преодоления неуспеваемости глазами психолога [Текст] / Э.И. Калмыкова. - М.: Наука, 1982. - 338 с.
8. Маркова, А.К. Виды отношений школьников, к учению [Текст] / А.К. Маркова // Сов. педагогика. - 1984. - №11. - С. 12-23.
9. Бардин, К.В. Если ваш ребёнок не хочет учиться [Текст] / К.В. Бардин. - М.: Наука, 1980. - С. 24-25.
10. Венгер, А.Л. Психологическое обследование младших школьников [Текст] / А.Л. Венгер, А.Г. Цукерман. - М.: Издательство ВЛАДОС-ПРЕСС, 2004. - 534 с.
11. Вопросы предупреждения неуспеваемости школьников. Сб. статей. Под ред. Ю.К. Бабанского. Ростов-на-Дону, 1972. - 523 с.
12. Кумарина, Г.Ф. Индивидуализация, обучения слабоуспевающих школьников [Текст] / Г.Ф. Кумарина / Сов. педагогика. 1987. - №2. - С.117 – 120.
13. Маттес, Г. О роли психодиагностики в преодолении неуспеваемости школьников [Текст] / Г. Маттес / Вопр. психологии. - 1984. - №4. - С. 152-154.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ»

На современном этапе низкий уровень успеваемости среди учащихся – это одно из актуальных проблем общества. Многие педагоги-психологи низкий уровень успеваемости учащихся связывают, во первых, с недостатками в поведении, во вторых, с недостатками в мотивационной сфере. Создание условия для личностного развития детей школьного возраста является одним из важных целей модернизации отечественной системы образования. Для достижения этой цели необходимо определить влияния определенного состояния образовательного дела на психическое развитие детей. В этой связи, в статье определяем какие личностные особенности учащихся влияют на их учебной успеваемость.

At the present stage the low level of achievement among the students is one of the actual problems of the society. Many psychologists low level of student achievement is associated, first of all, with problems in behavior, secondly, deficiencies in motivational sphere. Creation of conditions for personal development of children of school age is one of the important goals of modernization of the national education system. To achieve this goal it is necessary to determine the influence of the certain state educational targeting the psychological development of children. In this regard, the article define what personal characteristics of students affect their academic performance.

**ЖОО-ДАҒЫ ОҚИТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ
КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІГІ**

**Арынбаева Ж.М.,
Қалымбетова Э.К.**

Мақалада студенттердің болашақ мамандықтарына кәсіби дайындықтары мен олардың ЖОО-дағы оқыту процесіндегі коммуникативті құзыреттілігінің мәселесі қарастырылған. Болашақ мамандардың коммуникативті құзыреттілігінің психологиялық ерекшелігі мен эксперимент бөлімінің негізгі ой-тұжырымдары қорытындыланып көрсетілген.

Негізгі сөздер: құзыреттілік, коммуникативті құзыреттілік, дағды, қарым-қатынас, іс-әрекет, инновациялық іс-әрекет имеханизмдері, эмпатия, мотивация, педагогикалық қабілет.

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәрибеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді [1].

Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың төрт аспектісін ажыратады [2,3]:

- түйінді құзыреттер;

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
«ПСИХОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ»

- жалпыланған пәндік біліктіліктер;
- қолданбалы пәндік біліктіліктер;
- өмірлік дағдылар.

«Құзырлылық», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік, дағдыдан айырмасы төмендегідей ажыратылады:

- білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады.

- дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып өзгерте алатын саналы қызмет.

- біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну.

Құзырлылық – студент іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі. Білім беру жүйесінде студенттер бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияның рөлі ерекше. Бұл технологияны қолдану студенттердің қызығушылығы мен белсенділігін және жұмыс істеу шеберлігі мен қабілеттіліктерін арттырады. Бағдарламаны жақсы меңгеруге, өз жұмысын жоспарлауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Студенттің қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасына тікелей әсер ететіндер – ақпараттық құралдар. Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Болашақ маман әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады». Болашақ маманның ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен құзыреттілік арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде келесі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады: болжау, ұйымдастыру, бақылау, реттеу, үйлестіру, сәйкестендіру, белсенділігін арттыру, зерттеу.

Коммуникативтік құзыреттілік – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Бұл құзыреттілікті оқу үрдісінде игеру үшін коммуникациялардың нақты нысаналарының қажетті және жеткілікті саны және олармен жұмыс тәсілі белгіленуі тиіс.

Болашақ маманның коммуникативті құзыреттілік құрылымының негізі оның жеке тұлғалық қасиетіне яғни, педагогикалық коммуникабельділігіне байланысты. Болашақ маманның кәсіпқойды-тұлғалық қасиеттерін сипаттайтын басқа да психологиялық терминдер бар, сол арқылы оқушылармен қарым-қатынастың деңгейі анықталады. В. А. Канн-Калик оны кәсіпқойды-педагогикалық көпшілдік деп атайды [4].

А.Л. Журавлев көпшілдік пен басқарушылық қабілетінің арасындағы тура ұқсастықтың жоқтығын дәлелдеді. Тұлғаның төмен немесе жоғары көпшілдігі өзінен-өзі оның іскерлік қатынастарының орнауына әсер ете алмайды. Керісінше, жоғары көпшілдік алаңдатып, басқаларды тыңдауға мүмкіндік бермеуі мүмкін. А.Л. Журавлев қорытындылайды [5]:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ»

«басқарушылықтың жоғары тиімділігін көпшіл және аса көпшіл емес адам да орната алады, бірақ қарым-қатынастың арнайы деңгейлерін сақтау қажет».

Педагогикалық коммуникабельділіктің маңызды белгісі тұлғалық аттракция болып табылады (лат. attrachere- тарту) болашақ маман балалардың қуаныш, уайым алғышарттарымен таныс болып қарым-қатынас орнатады.

Оқушыларға болашақ маманның эмоциялық тартымдылығы бірнеше факторлармен шартталған, олардың ішінде ең маңыздылары біздің ойымызша мыналар:

Кәсіпқойды білімдарлығы;

Шығармашылық жасампаздығы;

Жоғары ортақ адамгершілік- эстетикалық мәдениеті;

Педагогикалық шеберлікпен қатар қарым- қатынасқа түсу өнері.

Педагогикалық коммуникабельділіктің алдыңғы қатарлы сапаларына мыналарды жатқызуға болады:

Балалармен қарым –қатынасқа деген құштарлық;

Оның жағымды эмоциялық үндестігі;

Уайымнан үстем болатын оларға деген қанағаттық сезімі;

Өзара тұлғалық аттракция;

Балаларды түсініп, олармен жеке және топтық қатынастар ұйымдастыра алу;

Тұлға аралық қарама- қайшылықтардың конструктивті шешілуі;

Қарым-қатынастың демократизмі мен гуманизмі;

Қарым –қатынас эстетикасы.

Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, студент шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі екі құрамдас бөліктен тұрады [6,7]. Шығармашылықты, біріншіден, студенттер дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады; екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы арқылы қарастырылады.

Экспериментті жүргізу үшін база ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, тарих және филология мамандықтарының студенттері болды. Студенттердің жалпы саны – 60 адам.

Бақылау және эксперименталды топтарда тәжірибелік-эксперименттік зерттеу процесі кезіндегі коммуникативті құзіреттіліктің қалыптасу деңгейін бағалау нәтижелері 1 кестеде бейнеленген.

Алынған мәліметтер келесі жәтті көрсетеді – коммуникативті құзіреттіліктің қалыптасу деңгейі екі топта да жоғары деңгейді көрсетті.

Бірақ, екі топтағы көрсеткіштердің өсуіне қарамастан келесіні атап өтуіміз тиіс: эксперименттік топта коммуникативті іскерліктердің деңгейі бақылау тобына қарағанда жоғарырақ.

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
 «ПСИХОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ»

Кесте 1. Эксперимент соңындағы коммуникативті құзіреттілік компоненттерінің қалыптасу деңгейінің көрсеткіштері.

Компоненттер	БТ (n=30)			ЭТ (n=30)		
	төмен	орташа	жоғары	төмен	орташа	жоғары
Лингвистикалық	36,3 %	40,9 %	22,7 %	12,5 %	50 %	37,5 %
Когнитивті-операциялық	13,6 %	50%	36,4%	0 %	37,5 %	65,5 %
Тұлғалық	27,3 %	50 %	22,7 %	8,3 %	50 %	41,7%

Болашақ мамандардың коммуникативті құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін эксперимент соңында бағалау, сонымен қатар, рейтингтік бағалау әдісі негізінде де жүргізілді, рейтингтік бағаны оқытушылар береді (2 кесте).

Тарих және филология мамандарының коммуникативті құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін бағалау әдісін қолдану келесіні анықтауға мүмкіндік берді-пәндер бойынша жақсы үлгеріп жүрген ЭТ студенттерінің 41,6% (10 адам) санында коммуникативті құзіреттіліктің жоғары деңгейі байқалынды. Осы студенттердің 22,2% (5 адам) саны түрлі деңгейдегі конференцияларды дайындау мен өткізу барысында өздерінің коммуникативті қабілеттерін белсенді түрде көрсетті.


Белсенділіктің орташа деңгейін 54,5% (12) студент көрсетті. Коммуникативті құзіреттіліктің төменгі деңгейін студенттердің 8,3% көрсетті, себебі – тұлғалық қасиеттер дамуының төменгі деңгейі, яғни осы жәйттің кесірінен студенттер өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық негізінде байланыс оранта алмаған.

Кесте 2. Тарих және филология мамандарының коммуникативті құзіреттілігінің қалыптасу деңгейін рейтингтік бағалау әдісі негізіндегі көрсеткіштер.

Деңгейлер	Бақылау тобы (n=30)				Эксперименталды топ (n=30)			
	Эксперимент басы		Эксперимент Соңы		Эксперимент басы		Эксперимент Соңы	
	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%
Төмен	13	50	10	27,3	14	41,7	5	8,3
Орташа	12	41	14	50	13	45,8	16	54,5
Жоғары	5	9	6	22,7	3	12,5	9	41,6

2 сурет мәліметтері эксперимент барысында екі топ студенттерінің коммуникативті құзіреттілік қалыптасу деңгейінің пайыздық арақатынасының динамикасын көрнекі түрде бейнелейді. Егер ЭТ төмен деңгейге не студенттерінің пайызы 41,7% -деп 8,3%-ке дейін азайса, яғни орташа деңгейге көшкен 3 адамға кем болса, онда БТ осы көрсеткіш 2 адамды құрады - 22,7%.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ: ӨТКЕНІ, БҮГІНІ, БОЛАШАҒЫ»



Сурет 2. Болашақ мамандарының коммуникативті құзіреттілігінің қалыптасуының эксперимент барысындағы көрсеткіштері

Алынған мәліметтер келесі жәйтті анықтайды: оқу іс-әрекетінде тарих және филология факультетінің студенттері тұлғасының даму процесінің интенсивтілігі оқу іс-әрекетінің мазмұны мен мәнінен тәуелді болады. ЭТ студенттерін семинарлық-практикалық тапсырмалар кешенін қолдана отырып оқыту процесі олардың әрқайсысының проблемалық жағдайларды, шығармашылық тапсырмаларды шешудегі белсенділігін қамтамасыз етеді. Дербес жұмыс үшін уақытты көбейту, оқытудың белсенді формаларын қолдану нәтижесінде студенттердің шығармашылық белсенділігі мен оқу үлгерімі жоғарылады, бұл, сәйкесінше, табыстырақ және сапалырақ оқытуға әсер етеді.

Болашақ маман көпшілігіне баға беру деңгейі

Зерттеу нәтижесі бойынша барлық зерттеуге қатысушылар коммуникабельді адамдар екендігі анықталды.

Әр қайсысына тоқталатын болсақ:

50%- коммуникабельділіктің жоғары деңгейі (кейде қалыптан тыс болуы да мүмкін).

32%- коммуникабельділіктің қалыпты деңгейі

15%- қалыптан төмен коммуникабельдік деңгейі.

Қорытынды: зерттеуге қатысушылардың барлығы алғаш айтылған талаптарға сай яғни, барлық сыналғандар көпшіліктің жақсы деңгейінде, коммуникабельді адамдар болып табылады. Осыған сәйкес, болашақ педагогтар оқушылармен, олардың ата-аналарымен және өз әріптестерімен де жоғары дәрежедегі қатынастар орната алатын болады.

Сонымен, тәжірибелік-психологиялық жұмыстың нәтижесінде егер жоғары оқу орындарындағы студенттердің оқыту процесіндегі коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырса, іс-әрекеттерін ұйымдастыруға негіз болатын теориялық білімдерін, жаңа технологияларды жобалау және пайдалану қабілеттерін, тәжірибелік дайындықтарын жүйелі түрде қалыптастыру

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
«ПСИХОЛОГИЯ В КАЗАХСТАНЕ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ, БУДУЩЕЕ»

жолымен жүзеге асырылатын болса, онда зерттелетін сапаны студенттерде тиімді қалыптастыруға болады деген жорамал расталды.

Әдебиеттер

1. Ростунов А. Т. Формирование профессиональной пригодности. - М., 1984. – 176 с.
2. Рубинштейн С.Л. Бытие и сознание. -М., 1957.
3. Рубинштейн С.Л. Мотивы поведения деятельности. М.: 1988. – 136 с.
4. Сафин В.Ф. Роль самооценки в осознании себя студентами как субъекта педагогической деятельности. -М., 1980.
5. Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Психология человека, М. "Школа-Пресс", 1995.
6. Унт И. Индивидуализация и дифференциация процесса обучения.
7. Харькин В.Н. Педагогическая импровизация// Педагогика. – 1989, №9.

В статье рассматривается проблема готовности студентов к будущей профессиональной деятельности и коммуникативной компетентности в процессе вузовского обучения. Основные результаты экспериментальной части и необходимость личного развития компетентности в университете как профессиональная подготовленность будущих специалистов даны в полученных проанализированных данных.

In article the problem of readiness of students to future professional activity and a communicative competence in the during university education is considered. The main results of experimental part and the necessity of personal competence development in university as a professional preparedness of future specialists are given in received analyzed data.

**БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ
СФЕРАСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Ауталипова Е.Н.,
Ахтаева Н.С.**

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының эмоциялық сферасы қарастырылады. Бұл жаста эмоция мен сезім көрсету ұғынуы және эмоциялық жағдайдың тұрақтылығы бастауыш сынып жасқа дейін байқалынған сезімдердің ұстамсыздығы, көтеріңкі эмоция мен ырықсыздықтың орнына жол береді

Негізгі сөздер: бастауыш мектеп жас, эмоционалды сфера, оқу іс-әрекет, эмоция, сезім.

Балалардың жанұяда, мектепте эмоционалды көңіл-күйі өзекті мәселелердің бірі болып табылады, себебі тұлға дамуында маңызды жағдайдың біріне жағымды эмоционалды хал-жайды жатқызуға болады.

Бастауыш сынып жаста көптеген жағымсыз әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық фактордың әсерінен ең алдымен баланың эмоционалды сферасы зиян көреді.

Іс-әрекет маңызының кеңейімен және эмоциогенді объект санының көбеюіне байланысты баланың мектепке түсуі оның эмоциялық сферасын өзгертеді. Бастауыш сыныпқа дейінгі балалардың эмоциялық реакциясын тудыратын қоздырғыштар бастауыш мектеп жасындағы балаларға әсер етпейді.